

**EL ÚMITI – өркендеу онлайн платформасының
«Елбасы Төсбелігісі» модуліне арналған талаптардың
қысқаша сипаттамасы**

2020

Нұр-Сұлтан

АННОТАЦИЯ

Бұл құжат «Елбасы Төсбелгісі» және «EL ÚMITI» - өркендеу онлайн платформасы жобаларының аясында әзірленді және «Елбасы Төсбелгісі» модуліне қойылатын талаптарды сипаттайды. «Елбасы Төсбелгісі» модулі «EL ÚMITI» негізгі онлайн-платформасымен біріктіріліп, онлайн-платформаның пайдаланушыларына қосымша мүмкіндіктер береді.

Бұл құжат «Елбасы Төсбелгісі» модуліне ең қолайлы дайын отандық шешімдерді таңдау мақсатында жасалды. Өрі қарай таңдалған шешімдерге ие компанияларға Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкестендіру/бейімдеу қажеттілігін бағалау үшін «Елбасы Төсбелгісі» модуліне егжей-тегжейлі талаптар сипатталған техникалық тапсырма беріледі.

МАЗМҰНЫ

Мазмұны

1. Құжат мақсаты	4
2. Жалпы мағлұмат.....	5
2.1. Бағдарлама міндеттері	5
3. Кіріспе ақпарат	5
3.1. Бағдарламаға қатысу.....	5
3.2. Бағдарлама деңгейлері	8
3.3. Қолданушылар рөлі.....	9
4. Шығыс ақпараты	12
4.1. Қолданушылар карточкалары	12
4.2. Порталға қойылатын талаптар	13
4.3. Елбасы медалімен марапаттау	13
4.4. Сараптама	14

1. Құжат мақсаты

«Елбасы Медалі» бағдарламасы - бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруда және оны үздіксіз дамытуда қолданылатын әлеуметтік қызметтердің бірі.

Жоба 14 пен 29 жас аралығындағы оқушылар мен студенттерге арналған, Бағдарламаның талаптарын орындау мерзімі - жыл сайын өткізу деңгейіне байланысты 6 айдан 18 айға дейін. Бағдарлама қатысушыларға үйлесімді дамыған, белсенді тұлғаны қалыптастыруға және Тәуелсіздік құндылықтарын, патриотизмді, ұлттық бірегейлікті сақтау және үздіксіз дамуға мүмкіндік береді.

Жобаның негізгі мақсаты – отансүйгіштік пен азаматтық ұстанымда белсенділік танытқан, сондай-ақ бағдарлама қатысушысына қойылатын талаптарға сай өзін-өзі дамыту мен қоршаған ортаны дамытудағы жеке жетістіктері бар жастарды анықтау және оларды ынталандыру.

Жоба мақсаты:

- Бағдарлама қатысушыларының бойында табысқа, салауатты өмір салтына, дарыны мен қабілетін дамытуға, шығармашылыққа, ел мен қоғамның өміріне қатысуына деген тұрақты ынтаны қалыптастыру;
- үйлесімді дамыған, жетілген, өзін-өзі дамытуға, өз жолын өзі анықтауға, өзін-өзі тәрбиелеуге, өркендеуге қабілетті тұлғаны тәрбиелеудің тетіктері мен әдістерін құру;
- Бағдарламаны іске асыруға оқу орындары мен жастар ұйымдарын кеңінен тарту;
- «Елбасы Төсбелгісі» иегерлеріне әлеуметтік саты құру .

Жоба барысында қатысушылар өз дарындарын дамытады, таңдалған бағыттар бойынша тәжірибе жинақтайды, сонымен қатар әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс жасайды, қазақ және әлем әдебиеттерін, тұлғалық өсу мен өзін-өзі дамытуға арналған кітаптар оқиды.

Жоба жыл сайын желтоқсан айында Нұр-Сұлтан қаласында өтетін «Елбасы Төсбелгісі» қатысушыларын марапаттау кешімен қорытындыланады.

2. Жалпы мағлұмат

«Елбасы Төсбелгісі» жастарды ынталандыру **Бағдарламасы** (бұдан әрі – Бағдарлама) үйлесімді дамыған, белсенді, бәсекеге қабілетті жеке тұлға қалыптастыруға және қазақстандық жастарды Тәуелсіздік құндылықтарына, патриотизмге, ұлттық бірегейлікті сақтауға және үздіксіз дамуға тәрбиелеуге бағытталған.

Мақсаты - отансүйгіштік пен азаматтық ұстанымда белсенділік танытқан, сондай-ақ бағдарлама қатысушысына қойылатын талаптарға сай өзін-өзі дамыту мен қоршаған ортаны дамытудағы жеке жетістіктері бар, 14 пен 29 жас аралығындағы жастарды анықтау және оларды ынталандыру.

2.1. Бағдарлама мақсаты

- Бағдарлама қатысушыларының бойында табысқа, салауатты өмір салтына, дарыны мен қабілетін дамытуға, шығармашылыққа, ел мен қоғамның өміріне қатысуына деген тұрақты ынтаны қалыптастыру;
- үйлесімді дамыған, жетілген, өзін-өзі дамытуға, өз жолын өзі анықтауға, өзін-өзі тәрбиелеуге, өркендеуге қабілетті тұлғаны тәрбиелеудің тетіктері мен әдістерін құру;
- Бағдарламаны іске асыруға оқу орындары мен жастар ұйымдарын кеңінен тарту;
- «Елбасы Төсбелгісі» иегерлеріне әлеуметтік саты құру .

3. Кіріс ақпараты

3.1. Бағдарламаға қатысу

Бағдарламаға қатысу тегін және ол қатысушылардың өз еркімен жүргізіледі. Бағдарламаға қатысу үшін Әлеуметтік желіде тіркелген қолданушы «Елбасы Төсбелгісі», «Өтініш беру» қосымша парағында белгіленуі қажет, осыдан кейін толтыруды қажет ететін «Жеке ақпарат» парақшасы автоматты түрде ашылады:

- Фото;
- Тұрғылықты жері;
- Оқу орны;
- Өзі туралы;
- Хобби.

Содан кейін қызмет бағытын таңдау керек (бірнешеуін таңдауға рұқсат етілген).

1. «Спорт және дене шынықтыру» бағыты – секцияларда және/немесе білім беру ұйымдарында, сондай-ақ өз бетімен спорт түрлерімен айналысу.

Негізгі ұран: «Денеңді шынықтыр!» / «Закаляй тело!»

Девиз: «Тәні саудың жаны сау!» / «В здоровом теле – здоровый дух!»

Басты мақсат – бағдарламаның әр кезеңіне бекітілген талаптарды орындауға талпыну және жету.

2. «Дарын мен дағды» бағыты – үйірмелер, курстар, тренингтер, семинарларға қатысу, зияткерлік, шығармашылық, ғылыми-техникалық байқауларға, олимпиадаларға, көрмелерге, конкурстарға және өзіндік жұмыстарға қатысу арқылы дарынды дамыту, әлеуметтік және практикалық дағдыны дамытуға бағытталған сабақтар.

Негізгі ұран: «Дарынды дамыт!» / «Развивай таланты!»

3. «Кітап оқу» бағыты

Негізгі ұран: «Кітапты оқы да, зейінге тоқы!» «Больше читай и вникай!»

Девиз: «Бүгінгі кітап оқушы – ертеңгі көшбасшы!» / «Today is a reader, tomorrow is a leader!»

Үш бөлім бойынша Оператормен бекітіліп ұсынылатын кітаптарды оқу:

1 бөлім - қазақ әдебиетінің алтын қоры;

2 бөлім - әлем әдебиетінің алтын қоры;

3 бөлім – тұлғалық дамуға, өздігінен дамуға арналған кітаптар, ғылыми-танымал әдебиет.

Әр деңгейге норматив белгіленген.

4. «Ұлттық мұра» / «Национальное наследие» бағыты

Негізгі ұран: «Ұлттық мұраны сақта!» / «Береги родную культуру!»

Бағыт ұлттық спорт түрлерінен сабақтарды, ұлттық мәдениет, тағам, өнер мен қолөнерде дарын мен дағдыны дамытуды немесе «Қазақ әдебиетінің алтын қоры» бөлімінен бір кітапты қосымша оқуды қамтиды. Қатысушы алғашқы үш бағыттың орнына ұсынылған сабақтардың біреуін таңдауы керек.

5. «Еріктілік» бағыты

Негізгі ұран: «Әлсізге болыс!» / «Помогай нуждающимся»

Қатысушыға әлемді жақсартуға және мұқтаж адамдарға: балаларға, қарттарға, жануарларға немесе қоршаған ортаға көмектесуге мүмкіндік беретін Бағдарламаның маңызды құрамдас бөліктерінің бірі. Бағыт қоғамның және елдің мүддесі үшін өз еркімен кең ауқымды іс-шараларға қатысуды, өзара және өз-өзіне көмек беруді, ақысыз қызмет көрсетуді және азаматтық қатысудың өзге де формаларын қамтиды.

6. «Туристік сапарлар» бағыты

Негізгі ұран: «Әлемді таны!» / «Познавай мир!»

Қазақстан бойынша серуендеу және танымдық сапарлар қарым-қатынас пен көшбасшылық қабілеттерін дамытады, туған жерге, табиғатқа және адамдарға патриоттық көзқарасты қалыптастырады, сонымен бірге ұмытылмас әсер береді.

7. «Еңбек тәжірибесі» бағыты

Негізгі ұран: «Еңбек ет!» / «Трудись!»

Қатысушылар әр түрлі кәсіпорындарда және кез-келген салада нақты өндірісте жұмыс істейді. Тәжірибенің IT-бағыт, білім беру жобалары, тәрбие жұмыстары, тәлімгерлік, ғылыми-зерттеу жұмыстары, ауылшаруашылық, Жасыл Ел, студенттік құрылыс жасақтары сынды бағыттары басым болып саналады. Қатысушы еңбек тәжірибесін жыл бойы жүргізуі мүмкін.

«Еріктілік» немесе «Туристік сапарлар» бағыттарын таңдаған кезде авторизацияланған жеткізушіні, яғни серіктес - ұйымды таңдау қажет.

Оператор жыл сайын қызметтің міндетті бағыттарын анықтайды.

Өтінімді тіркеу кезінде қатысушыға тұрғылықты жеріне немесе оқу орнына сәйкес Орталық пен тәлімгер(лер) ұсынылады, сондай-ақ таңдалған деңгейге сәйкес нормативтер мен қатысу кестесі ұсынылады. Таңдалған нұсқаны растағаннан кейін қатысушы хабарлама алады және таңдалған деңгейге сәйкес талаптарды орындау міндеттемесін қабылдайды. Қатысушы және оның заңды өкілдері Ерікті қатысу туралы шарттың электронды түріне қол қояды.

Қатысушының Бағдарлама талаптарына сәйкестігі туралы өтінішін қарау, сондай-ақ Келісімді алу үшін 14 жұмыс күні бөлінген.

Жеке кестеге сәйкес таңдалған тәлімгер қатысушыға деңгейлердің талаптары мен стандарттарын қалай орындау керектігін үйретеді, сонымен қатар кеңестік және әдістемелік қолдау көрсетеді.

Талаптарды орындау нәтижелері бойынша кандидат журналға (күнделікке) келесі ақпаратты енгізеді:

1) «Спорт және дене шынықтыру», «Дарын мен дағды» және «Ұлттық мұра» бағыттары бойынша - тәлімгермен бекітілген жеке кестеге сәйкес тұрақты түрде жеке есептер мен үлгерімдер туралы жазбалар;

2) «Кітап оқу» бағыты бойынша - тәлімгермен бекітілген жеке кестеге сәйкес белгілі бір кезеңде оқылған кітаптың мазмұнына қатыстын қысқаша эссе немесе бейнеролик;

3) «Еріктілік» және «Туристік сапарлар» бағытында - фото немесе видео қоса тіркелген акцияның атауы мен нәтижелері көрсетілген, тәлімгермен бекітілген күнделікті қысқаша есеп;

4) «Еңбек тәжірибесі» бағыты бойынша - жұмыс берушімен расталған қысқаша есеп.

«Спорт және дене шынықтыру» бағытындағы талаптар тиісті деңгей нормативін орындағаннан кейін орындалды деп саналады. Мүмкіндігі шектеулі жандарға Оператормен өзге талаптар қарастырылған.

Қатысушының таңдалған деңгейден өтуі жеке кестеге сәйкес журнал (күнделік) толтырылған және барлық бағыттар бойынша белгілерді тәлімгер растағаннан кейін аяқталған болып саналады.

«Спорт және дене шынықтыру», «Дарын мен дағды», «Ұлттық мұра» бағыттарындағы тәлімгердің бағалауына қол жеткізілген нәтижені көрсететін қысқаша бейнеролик қоса ұсынылады.

Қорытынды шығару және бағдарламаның жеңімпаздарын анықтау үшін оператор құрамына міндетті түрде білім беру саласындағы уәкілетті органның өкілі кіретін тендерлік комиссияны құрады.

3.2. Бағдарлама деңгейлері

– **Қола деңгей** – 14 жастан асқан қатысушыларға арналған және оған сабақ ұзақтығы мен көлеміне қатысты келесі талаптар кіреді:

1) «Спорт және дене шынықтыру», «Дарын мен дағды», «Еріктілік» бағыттары бойынша - үш ай аралыққа аптасына бір сағаттан кем болмайтын сабақтар;

2) «Кітап оқу» бағыты бойынша – барлық үш бөлімнен 3 кітаптан кем болмайтын кітап оқу, оның ішінде «Қазақ әдебиетінің алтын қоры» бөлімінен бір кітап оқу;

3) «Ұлттық мұра» бағыты бойынша - үш ай ішінде аптасына бір сағаттан кем емес сабақ өту немесе «Қазақ әдебиетінің алтын қоры» бөлімінен қосымша кітап оқу;

4) «Туристік сапар» бағыты бойынша - екі күнге созылатын экскурсиялар.

– **Күміс деңгей** – 15 жастан асқан қатысушыларға арналған және оған сабақ ұзақтығы мен көлеміне қатысты келесі талаптар кіреді:

1) «Спорт және дене шынықтыру», «Дарын мен дағды» бағыттары бойынша - қатысушының таңдауы бойынша бір бағытта үш ай аралығында аптасына бір сағаттан кем болмайтын сабақтар өту және қатысушының таңдауына қарай алты ай аралықта сабақ өту;

2) «Еріктілік» бағыты бойынша - алты ай аралығында аптасына кемінде бір сағат сабақ;

3) «Кітап оқу» бағыты бойынша - барлық үш бөлімнен 6 кітаптан болмайтын кітап оқу, оның ішінде «Қазақ әдебиетінің алтын қоры» бөлімінен екі кітап оқу;

4) «Ұлттық мұра» бағыты бойынша - үш немесе алты ай аралығында аптасына бір сағаттан кем емес сабақтар немесе «Қазақ әдебиетінің алтын қоры» бөлімінен қосымша бір кітап оқу;

5) «Туристік сапарлар» бағыты бойынша - үш күнге созылатын экскурсиялар.

– **Алтын деңгей** – 16 жастан асқан қатысушыларға арналған және оған сабақ ұзақтығы мен көлеміне қатысты келесі талаптар кіреді:

1) «Спорт және дене шынықтыру», «Дарын мен дағды» бағыттары бойынша - қатысушының таңдауы бойынша бір бағытта алты ай аралығында аптасына бір сағаттан кем болмайтын сабақтар өту және қатысушының таңдауына қарай тоғыз ай аралықта сабақ өту;

2) «Еріктілік» бағыты бойынша – бір жылда аптасына кемінде бір сағат сабақ;

3) «Кітап оқу» бағыты бойынша - барлық үш бөлімнен 9-дан кем болмайтын кітап оқу, оның ішінде «Қазақ әдебиетінің алтын қоры» бөлімінен үш кітап оқу;

4) «Ұлттық мұра» бағыты бойынша – алты немесе тоғыз ай аралығында аптасына бір сағаттан кем емес сабақтар немесе «Қазақ әдебиетінің алтын қоры» бөлімінен қосымша бір кітап оқу;

5) «Туристтік сапарлар» бағыты бойынша - үш күнге созылатын экскурсиялар.

6) «Еңбек тәжірибесі» бағыты бойынша – кемінде бес күн.

3.3. Қолданушылар ролі

Қатысушы:

- жеке анкетаны толтырып, қатысуға өтінім береді;
- өз еркімен қатысу туралы келісімге қол қояды;
- тұрғылықты жеріне немесе оқу орнына сәйкес Орталық пен Тәлімгер(лер) таңдайды;
- құжаттарды скандау, басып шығару, пошта арқылы жіберу, интернет трафик және басқа да шығындарды өз мойнына алады;
- жасырын анкеталарға жауап беру арқылы Тәлімгер еңбегін бағалау мүмкіндігіне ие;
- егер Қатысушы қандай да бір себептермен (денсаулық жағдайы, табиғи апат, жақын туыстарының қайтыс болуы, Интернетке қосылу мүмкін болмауы және т.б.) тапсырманы немесе тапсырмаларды орындамаса және/немесе материалдарды жеке кабинетке уақытында жүктей алмаса, Қатысушы Тәлімгермен байланысады және оған тапсырмаға немесе тапсырмаға кедергі келтіретін себептер туралы, сондай-ақ материалдарды түсіруге кедергі келтіретін себептер туралы хабарлайды.

Тәлімгер:

- Бағдарлама орталығынан порталға кіру үшін бастапқы логинді, парольді алады;
- Порталда өзіне бекітілген Бағдарлама қатысушыларының тізімі ұсынылады;
- Тәлімгерге Қатысушының жеке аккаунтында көрсеткен мәліметтері қол жетімді болады;
- Тәлімгер Қатысушыға хабарласып, Қатысушымен және оның заңды өкілдерімен, сонымен қатар Қатысушының тұрғылықты жерімен, физикалық және менталдық денсаулығымен танысуға міндетті;
- Тәлімгер Қатысушыға Бағдарламаға қатысу тәртібі, бағыттар бойынша талаптар, есеп беру нысандары, ынталандыру және басқа да ақпараттар бойынша нұсқау береді;
- Тәлімгер Қатысушының заңды өкілдерінен қол қойылған Келісімді және басқа құжаттардың көшірмелерін: жеке куәлік, куәліктер, анықтамалар,

сертификаттар, дипломдар, үздіктер белгісі және басқада құжаттардың көшірмесін алады (егер Қатысушының заңды өкілдері құжат көшірмелері мен Шарттың түп-нұсқаларын алдын-ала келісілген мекен-жайға өз бетінше жібере алмаса);

– Тәлімгер Қатысушымен бірге Бағдарламаның әр бағыты бойынша сабақ түрлері мен ұзақтығы анықталатын қатысушының жеке кестесін жасайды. Жеке кестені келісу аяқталғаннан кейін Тәлімгер Жеке кабинетке кіріп, Қатысушы түймесін активтендіру арқылы Қатысушыны бағдарламаға тіркейді;

– Қатысушыны тіркегеннен кейін Тәлімгер Порталдағы өз аккаунты арқылы әр Қатысушымен байланысып, нұсқаулар бере алады; Қатысушының жеке кестесіне сәйкес Қатысушының есептерін тексереді, тапсырманың орындалуын растайты немесе қосымша тапсырмалар береді;

– Бағдарлама аяқталғаннан кейін Тәлімгер өз аккаунты арқылы Бағдарлама үйлестірушісіне сараптамалық жазбалар мен өзіне тағайындалған барлық қатысушылар туралы ұсыныстар жазады;

– Тәлімгер қандай да бір себептермен (денсаулық жағдайы, табиғи апат, жақын туыстарының қайтыс болуы, Интернет байланысының болмауы және т.б.) өз міндеттемелерін уақытында орындай алмаса, Тәлімгер Сарапшымен хабарласып, оны ақпараттандырады. Бұл жағдайда Қатысушылардың жұмысын бақылау міндеттемесі Сарапшының мойнына жүктеледі немесе Сарапшы Тәлімгер өз міндеттерін орындауға дайын болғанға дейін бұл қызметті өзіне сеніп тапсырылған тәлімгерлердің біріне тапсырады.

Сарапшы:

– Операторда авторизациядан өткеннен кейін және Серіктеспен еңбек қатынастары орнағаннан кейін, Сарапшы өзінің электрондық поштасына орнатылған логині мен құпия сөзі бар Порталға шақыру хатын алады. Порталға алғашқы кіргеннен кейін Сарапшы өзіне ғана аян болатын жеке логин мен парольді орнатуы керек;

– жеке кабинетте сарапшы, жеке басын, жетістіктерін анықтауға мүмкіндік беретін өзі туралы жеке деректерді және байланыс мәліметтерін толтырады;

– Сарапшыға Тәлімгерлер тағайындалады, ол олардың қызметіне бақылау жасайды. Тәлімгерлер тізімі Порталда қол жетімді болады;

– Сарапшы тағайындалған Тәлімгерлер мен Қатысушылардың аккаунттарындағы ақпаратты, олардың хабарламаларын, Тәлімгерлер мен Қатысушылар жүктеген журналдар мен материалдарды (фото, видео және т.б.) Қатысушылар мен менторлар жүктеген материалдарды (фотолар, бейнелер және т.б.) көре алады. Алайда, Сарапшы бұл деректерді өңдей алмайды;

– Тәлімгерлермен және қатысушылармен жұмыс кезінде мәселелер және/немесе өзге де түсініксіздіктер туындаған жағдайда, сарапшы қажет

болғанда жағдайды зерттейді және аймақтық үйлестірушіге есеп беру арқылы өз қорытындысын береді;

- Сарапшы өз аккаунты арқылы өзіне тағайындалған Қатысушылардың үлгерімін, өзіне тағайындалған Тәлімгерлердің жұмысын бақылайды және олардың әрқайсысына журнал толтырады;

- Сарапшы Қатысушы мен Тәлімгер арасындағы дауларды шешуде төреші бола алады және Тәлімгердің талаптарының дұрыстығын растай алады немесе олардың күшін жоя алады;

- Егер Сарапшы белгілі бір себептермен (денсаулық жағдайы, табиғи апат, жақын туыстарының қайтыс болуы, Интернетке қосылудың болмауы және т.б.) өз міндеттерін уақытында орындай алмаса, онда Сарапшы Аймақтық Үйлестірушімен байланысып, оны ақпараттандыруы тиіс. Бұл жағдайда Қатысушылардың жұмысын бақылау міндеттемесі Сарапшы өз міндеттерін атқара бастаған сәтке дейін аймақтық үйлестірушіге жүктеледі.

Аймақтық үйлестіруші:

- Операторды жүйеге тіркелгеннен кейін және Серіктеспен еңбек қатынастарын орнатқаннан кейін, Үйлестіруші жеке email поштасына алдын-ала белгіленген логин мен құпия сөзі бар шақыру хатын алады;

- Порталға кіргеннен кейін Үйлестіруші жеке логин мен құпия сөзді орнатуы керек;

- жеке кабинетте Үйлестіруші жеке басын, жетістіктерін анықтауға мүмкіндік беретін өзі туралы жеке деректерді және байланыс мәліметтерін толтырады;

- Бағдарламаны іске асыру кезінде жалпы бақылау жасау үшін және Бағдарламаны іске асыру кезінде іс-әрекеттерді үйлестіру үшін қатысушылардың, тәлімгерлердің және сарапшылардың жеке кабинеттері Аймақтық үйлестірушіге қол жетімді болады;

- өз аймағына қатысты пайдаланушылар арасында Порталдың сапасыз немесе тиімсіз жұмысына қауіп төндіретін фактілер анықталса, Үйлестіруші Порталда хат жазу арқылы Операторға хабарласады.

Бағдарламалар орталығы:

- Операторға қарастыру үшін қатысу өтінішін береді;

- Тіркелуі келісілген Орталықтар Оператор шешімі шыққан күннен 10 (он) жұмыс күні ішінде Оператормен келісім жасауы қажет. Келісім жасалмаған жағдайда Орталық тіркелу құқығынан айырылады;

- Операторда жүйеге тіркелгеннен кейін Орталық жеке email поштасына алдын-ала белгіленген логин мен құпия сөзі бар шақыру хатын алады;

- Порталға кіргеннен кейін Орталық жеке логин мен құпия сөзді орнатуы керек;

- Жеке кабинетте аң алдымен ұйым туралы мәліметтерді, жетістіктерді, сондай-ақ байланыс ақпаратын енгізеді;

– Орталық штаттағы барлық тәлімгерлерді, сарапшыларды, үйлестірушілерді және басқа да қызметкерлерді оқытуды қамтамасыз етеді. Оператор Бағдарламаны іске асыру бойынша тиісті оқытуды және (немесе) біліктілікті арттыруды қамтамасыз етеді және тіркелу жөнінде сертификаттар береді.

4. Шығыс ақпарат

4.1. Қолданушылар карточкасы

Қатысушы:

- фото;
- жеке ақпарат;
- таңдалған қызмет бағыттарының тізімі;
- таңдалған Бағдарлама деңгейі;
- Бағдарламаның әр бағыты бойынша сабақ кестесі;
- Бағдарлама талаптарын орындау туралы ақпарат (орындау туралы белгі, видео, фото немесе эссе) көрсетілген журнал (күнделік);
- Тәлімгерді жасырын бағалау мүмкіндігі;
- Тәлімгерді бағалау және қатысушы қызметіне қысқаша мінездеме;
- Қатысушы рейтингі.

Тәлімгер:

- фото;
- жеке ақпарат;
- жеке куәлік, диплом, сертификат, ерекшелік белгісі және басқа да құжаттардың скан-нұсқасы;
- бекітілген Қатысушылардың тізімі;
- Қатысушылар туралы жеке мәлімет;
- бекітілген Қатысушылардың Бағдарламаның әр бағыты бойынша сабақ кестесі;
- бекітілген Қатысушылардың журналын қарауға мүмкіндік;
- журнал;
- Қатысушылардың рейтингін көруге мүмкіндік.

Сарапшы:

- фото;
- жеке ақпарат;
- жеке куәлік, диплом, сертификат, ерекшелік белгісі және басқа да құжаттардың скан-нұсқасы;
- бекітілген Тәлімгер, Қатысушылардың тізімі;
- Тәлімгер, Қатысушылардың жеке мәліметі;
- бекітілген Қатысушылардың, Тәлімгерлердің журналын (күнделігін) қарауға қол жетімділік;
- Қатысушылардың рейтингін көруге мүмкіндік;

- журнал.

Айтақтық үйлестіруші:

- фото;
- жеке ақпарат;
- жеке куәлік, диплом, сертификат, ерекшелік белгісі және басқа да құжаттардың скан-нұсқасы;
- бекітілген Сарапшы, Тәлімгер мен Қатысушылардың тізімі;
- Сарапшы, Тәлімгер мен Қатысушылар туралы жеке ақпарат;
- бекітілген Сарапшы, Тәлімгер мен Қатысушылардың журналын (күнделігін) қарауға мүмкіндік;
- журнал.

4.2. Порталға талаптар

- «Еркітілік» модулі өркендеу онлайн платформасындағы «Қауымдастық» және «Іс-шаралар» модулдерімен байланысқан;
- «Туристік сапарлар» модулі өркендеу онлайн платформасындағы «Қауымдастық» және «Іс-шаралар» модулдерімен байланысқан;
- ынталандыру және нәтижеге жету үшін «Олжа» модулі қарастырылған, онда мақсатты орындағаны үшін олжа белгіленеді;
- сондай-ақ барлық бағыттар бойынша мәліметтер ескерілген ұпайлар санын есептейтін қатысушылардың жеке рейтингі қарастырылады;
- статистикалық талдау ұсыну арқылы ақпаратты талдау мүмкіндігі (Google Trends, Google Analytics және т.б байланыс болуы мүмкін). Мысалы Қатысушы оқыту бейнесін толық көріп шықты ма?;
- Порталда жазып алу мүмкіндігі бар ауди-видео хабарламалар алу мүмкіндігі;
- ЭССЕ, фото, немесе бейнематериалды плагиатқа немесе жалған медиафайлдардың орналастырылуына тексеру (Антиплагиат, Advego Plagiatus, TinEye, Google Reverse Image Search, FotoForensics, IZITRU және т.б байланысуға болады). Мысалы «Кітап оқу» бағыты бойынша Қатысушы ЭССЕ жазуда интернет ресурсын қолданып бөтен жазбаны пайдаланды. Немесе ол бұған дейін жарияланған фото, видеоматериалды салуға немесе бөгде адам көрсетілген файлдарды жүктеуге шешім қабылдайды;
- Қатысушыда интернет байланыспен қиындық туған жағдайда кейін Порталға автоматты түрде жүктеу үшін КЭШ-те журналда жасалған жазба мен жүктелген материал, оның жүктелу уақыты мен күні сақталуы тиіс.

4.3. Елбасы Төсбелгісімен марапаттау

Үздіктер белгісімен марапаттау жыл сайын желтоқсан айында Нұр-Сұлтан қаласында немесе облыс орталықтары мен республикалық маңызы бар қалаларда өткізіледі.

Жеңімпазға үздік белгісімен қатар әкімшінің бірінші басшысы қол қойған куәлік беріледі.

Құндылығы бірдей үздіктер белгісімен қайта марапаттауға жол берілмейді.

Елбасы Төсбелгісінің иегерлерін анықтау үшін бағдарлама Операторы марапаттау комиссиясын (бұдан әрі – Комиссия) құрады.

Елбасы Төсбелгісімен марапаттау туралы ұсынысты Бағдарламалар Орталығының жетекшісі Бағдарлама сайтында жасайды.

Комиссия қатысушыны марапаттауға ұсыну өтінішін қарау кезінде:

- Елбасы Төсбелгісі марапатынан үміткермен онлайн-режимде сұқбат жүргізеді;
- Бағдарлама Қатысушыларының нәтижелерін бағалайды;
- Сұқбат нәтижесімен қатысушыларды төсбелгімен марапаттау туралы шешім шығарады;
- Қатысушы-жеңімпаздарды төсбелгіні салтанатты түрде марапаттау рәсіміне шақыру туралы шешім шығарады.

Төсбелгі иелері білім беру грантын алу конкурсында заңнамада белгіленген тәртіппен басымдыққа ие, сондай-ақ жоғары білімі бар кадрларды даярлау бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алатындардың тізіміне енгізілуде, жергілікті атқарушы органдардың білім гранттарын тағайындауда, академиялық ұтқырлық аясында оқуға және басқа да ынталандыруларда басымдыққа ие.

4.4. Сараптама

Рөлдерге қатысты сараптаманы қадағалау

Қатысушы:

- бағыт бойынша талаптарды орындау проценті;
- деңгей бойынша жеке рейтингі (бағыттар бойынша орындалған барлық талаптар проценті қосылып, бағыттар санына бөлінеді);

Тәлімгер:

- бекітілген Қатысушылардың бағыттар бойынша талаптарды орындау проценті;
- бекітілген Қатысушылардың деңгейі бойынша рейтингтер;
- бекітілген Қатысушылар саны;

Сарапшы:

- бекітілген Қатысушылардың бағыттар бойынша талаптарды орындау проценті;
- бекітілген Қатысушылардың деңгейі бойынша рейтингтер;
- бекітілген Қатысушылар саны;

- бекітілген Тәлімгерлер саны;

Аймақтық үйлестіруші:

- бекітілген Қатысушылардың бағыттар бойынша талаптарды орындау проценті;
- бекітілген Қатысушылардың деңгейі бойынша рейтингтер;
- бекітілген Қатысушылар саны;
- бекітілген Тәлімгерлер саны;
- бекітілген Сарапшылар саны;

Бағдарлама операторы:

- бекітілген Қатысушылар саны;
- бекітілген Тәлімгерлер саны;
- бекітілген Сарапшылар саны;
- бекітілген Аймақтық Үйлестірушілер;
- барлық Қатысушылардың деңгейі бойынша рейтингтер;
- аймақтар бойынша рейтингтер;
- Қатысушылардың журналын (күнделігін) қарау;
- Қатысушылардың жеке кестесін қарау.